

"Қазақстан Республикасында стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсету стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 24 наурыздағы № ҚР-ДСМ-27 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2024 жылғы 24 маусымдағы № 30 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 26 маусымда № 34580 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасында стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсету стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 24 наурыздағы № ҚР-ДСМ-27 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27218 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасында стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы";

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі 7-бабының 32) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты бекітілсін.";

көрсетілген бұйрыққа 1-қосымшамен бекітілген Қазақстан Республикасында стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсетуді стандарты осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі*

А. Альназарова

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2024 жылғы 24 маусымдағы
№ 30 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрінің
2022 жылғы 24 наурыздағы
№ ҚР - ДСМ-27 бұйрығына
1-қосымша

Қазақстан Республикасында стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасында стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты (бұдан әрі – Стандарт) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 7-бабының 32) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасында стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыруға қойылатын жалпы талаптарды белгілейді.

2. Осы Стандартта қолданылатын терминдер мен анықтамалар:

1) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар – электрондық ақпараттық ресурстармен жұмыс істеу әдістерінің және аппараттық-бағдарламалық кешен мен телекоммуникациялар желілерін қолдана отырып жүзеге асырылатын ақпараттық өзара іс-қимыл әдістерінің жиынтығы;

2) әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры (бұдан әрі – ӘлМСҚ) – аударымдар мен жарналарды жинақтауды жүргізетін, сондай-ақ медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтерін медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартында көзделген көлемдерде және талаптармен сатып алу мен оларға ақы төлеуді және Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйым;

3) денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйым (бұдан әрі – ғылыми ұйым) – денсаулық сақтау саласындағы ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық

қызметті, сондай-ақ медициналық, фармацевтикалық және (немесе) білім беру қызметін жүзеге асыратын ұлттық орталық, ғылыми орталық немесе ғылыми-зерттеу институты;

4) денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытудың өңірлік перспективалық жоспары – денсаулық сақтау ұйымдарының қолданыстағы желісі, жоспарланып отырған қайта құрылымдау (ашу, біріктіру, жабу, қайта бейіндеу) бойынша ақпаратты, сондай-ақ денсаулық сақтаудың жаңа объектілеріне қажеттілік және инвестицияларды жоспарлау туралы ақпаратты көрсететін өңірдің инфрақұрылымын дамытудың ұзақ мерзімді жоспары;

5) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтау, медицина және фармацевтика ғылымы, медициналық және фармацевтикалық білім беру, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, медициналық қызметтер (көмек) көрсетудің сапасы саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

6) денсаулық сақтау ұйымы – денсаулық сақтау саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

7) емдеуші дәрігер – пациент медициналық ұйымда байқауда болған және емделген кезеңде оған медициналық көмек көрсететін дәрігер;

8) Емдеуге жатқызу бюросы порталы (бұдан әрі – Портал) – тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде пациенттерді стационарға жоспарлы емдеуге жатқызу жолдамаларын электрондық тіркеудің, есепке алудың, өңдеудің және сақтаудың бірыңғай жүйесі;

9) жоғары технологиялық медициналық көмек – бейінді мамандар тиімділігі мен қауіпсіздігі ғылыми дәлелденген диагностика мен емдеудің инновациялық және (немесе) бірегей әдістерін және медицина ғылымының және ғылым мен техниканың сабақтас салаларының жетістіктері негізінде әзірленген технологияларды қолдануды қажет ететін аурулар кезінде көрсететін мамандандырылған медициналық көмектің бір бөлігі;

10) жоғары технологиялық медициналық көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – ЖТМК) – диагностика мен емдеудің инновациялық, ресурсты қажет ететін және (немесе) бірегей әдістерін пайдалануды талап ететін аурулар кезінде бейінді мамандар көрсететін қызмет;

11) клиникалық хаттама – пациенттің белгілі бір ауруы немесе жай-күйі кезіндегі профилактика, диагностика, емдеу, медициналық оңалту және паллиативтік медициналық көмек бойынша ғылыми дәлелденген ұсынымдар;

12) консилиум - кемінде үш дәрігердің қатысуымен диагноз қою, емдеу тактикасын айқындау және ауруды болжау мақсатында адамды зерттеу;

13) мамандандырылған медициналық көмек –диагностиканың, емдеудің, медициналық оңалтудың арнайы әдістерін талап ететін аурулар кезінде, оның ішінде қашықтықтан медициналық көрсетілетін қызметтер құралдарын пайдалана отырып, бейінді мамандар көрсететін медициналық көмек;

14) медициналық ақпараттық жүйе – медициналық ақпараттық жүйе - денсаулық сақтау субъектілерінің процестерін электрондық форматта жүргізуді қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе;

15) медициналық көмек көрсетудің екінші деңгейі – мамандандырылған медициналық көмекті жүзеге асыратын бейінді мамандардың амбулаториялық, стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда, оның ішінде бірінші деңгейде медициналық көмек көрсететін мамандардың жолдамасы бойынша медициналық көмек көрсету деңгейі;

16) медициналық көмек көрсетудің үшінші деңгейі – жоғары технологиялық медициналық көрсетілетін қызметтерді қолдана отырып, мамандандырылған медициналық көмекті жүзеге асыратын бейінді мамандардың амбулаториялық, стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда, оның ішінде бірінші және екінші деңгейлердегі мамандардың жолдамасы бойынша медициналық көмек көрсету деңгейі;

17) медициналық-санитариялық алғашқы көмек (бұдан әрі – МСАК) – адам, отбасы және қоғам деңгейінде көрсетілетін, аурулар мен жай-күйлердің профилактикасын, диагностикасын, оларды емдеуді халықтың мұқтажына бағдарланған медициналық көмекке бастапқы қол жеткізу орны;

18) медициналық ұйым – негізгі қызметі медициналық көмек көрсету болып табылатын денсаулық сақтау ұйымы;

19) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі (бұдан әрі – МӘМС жүйесі) – міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне қатысушылар арасындағы қатынастарды реттейтін, мемлекет белгілейтін нормалар мен қағидалардың жиынтығы;

20) пациент – медициналық көмек көрсетуді қажет ететін ауруының немесе жай-күйінің болуына немесе болмауына қарамастан, медициналық көрсетілетін қызметтердің тұтынушысы болып табылатын (болып табылған) жеке тұлға;

21) стационарлық жағдайларда көрсетілетін медициналық көмек – тәулік бойы медициналық байқауды, емдеуді, күтімді, сондай-ақ тамақтанумен төсек-орын беруді көздейтін, оның ішінде емдеу басталғаннан кейінгі алғашқы тәулік ішінде тәулік бойы бақылауды көздейтін "бір күндік" терапия және хирургия жағдайлары кезіндегі медициналық көмек;

22) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМККК) – бюджет қаражаты есебінен берілетін медициналық көмектің көлемі;

23) хабардар етілген келісім – адамның медициналық көмек алуға және (немесе) оның шешім қабылдауы үшін маңызы бар медициналық көмектің және (немесе) зерттеудің барлық аспектісі туралы ақпаратты алғаннан кейін нақты зерттеуге қатысуға өз келісімін жазбаша ерікті түрде растау рәсімі;

24) цифрлық денсаулық сақтау субъектісі – цифрлық денсаулық сақтау саласында қызметті жүзеге асыратын немесе қоғамдық қатынастарға түсетін жеке және заңды тұлғалар, мемлекеттік органдар.

3. Стационарлық жағдайларда медициналық көмек медициналық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар:

1) "Денсаулық сақтау ұйымдары желісінің мемлекеттік нормативін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 15 қазандағы № ҚР ДСМ - 133/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21452 болып тіркелген) сәйкес аудандық, қалалық және облыстық деңгейлерде стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсететін мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдар және (немесе) олардың құрылымдық бөлімшелері;

2) республикалық деңгейдегі ғылыми ұйымдар;

3) жеке меншік нысанындағы денсаулық сақтау ұйымдары көрсетеді.

ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде аудандық, қалалық және облыстық деңгейлердегі медициналық көмек көрсететін бейіндер мен медициналық ұйымдар бөлінісіндегі төсектер саны "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерін есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 6 қарашадағы № ҚР ДСМ-186/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21619 болып тіркелген) сәйкес облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтау мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары (бұдан әрі – денсаулық сақтау басқармасы) айқындайды. Жыл сайын алдыңғы жылғы мониторинг нәтижелерін және денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытудың өңірлік перспективалық жоспарын ескере отырып, алдағы жылдың төсек қорына түзету жүргізіледі.

4. Стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары (бұдан әрі – стационар) қызметінің негізгі міндеттері мен бағыттары:

1) тәулік бойы медициналық байқауды, емдеуді, күтімді, сондай-ақ тамақтанумен төсек-орын беруді көздейтін, оның ішінде емдеу басталғаннан кейінгі алғашқы тәулік ішінде тәулік бойы бақылауды көздейтін "бір күндік" терапия және хирургия жағдайлары кезіндегі медициналық көмек көрсету;

2) стационарлық жағдайларда диагностика мен емдеудің заманауи технологиялары мен әдістерін, оның ішінде дәлелді медицина қағидаттарына негізделген медициналық

көмек көрсетудің барлық кезеңдерінде сабақтастықты сақтай отырып, ЖТМК қолданумен пациенттерге мамандандырылған медициналық көмек көрсету болып табылады.

5. Стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдардың жұмыскерлерінің ұсынылатын штаты және медициналық бұйымдармен жаратқандыруы денсаулық сақтау саласындағы стандарттарға сәйкес белгіленеді.

6. Стационарлық жағдайда медициналық көмек:

1) ТМҚКК шеңберінде ("Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесін бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 16 қазандағы № 672 қаулысына сәйкес);

2) МӘМС жүйесінде ("Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмектің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 421 қаулысына сәйкес);

3) ақылы негізде "Денсаулық сақтау субъектілерінің ақылы қызметтер көрсету қағидаларын және ақылы медициналық қызметтер (көмек) ұсыну жөніндегі шарттың үлгілік нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 29 қазандағы № ҚР ДСМ-170/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21559 болып тіркелген) сәйкес;

4) Кодекстің 201-бабына сәйкес ерікті медициналық сақтандыру шеңберінде;

5) жүктелген медициналық сақтандыру шеңберінде "Жүктелген медициналық сақтандырудың үлгілік шартын және жүктелген медициналық сақтандыру кезіндегі медициналық көмектің ең төменгі тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы № 111 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32732 болып тіркелген) сәйкес көрсетіледі.

7. Стационарлық жағдайларда медициналық көмек тәулік бойы медициналық байқауға мұқтаж пациенттерге медициналық көмек көрсетудің екінші және үшінші деңгейлерінде шұғыл және жоспарлы нысандарда көрсетіледі.

Стационарлық жағдайларда медициналық көмек алу үшін пациенттерді қабылдау және тіркеу:

жұмыс уақытында жоспарлы нысанда ұйымның бекітілген жұмыс графигіне сәйкес жүгінген сәттен бастап 60 (алпыс) минут ішінде;

шұғыл нысанда тәулік бойы жүзеге асырылады.

Үшінші деңгейде стационарлық жағдайларда медициналық көмек "Мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-238/2020 бұйрығына (бұдан әрі - № ҚР ДСМ-238/2020 бұйрығы) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №

21746 болып тіркелген) сәйкес жоғары технологиялық медициналық көмек көрсетуге сәйкестігі туралы қорытындысы бар денсаулық сақтау ұйымдарымен көрсетіледі.

8. ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде стационарлық жағдайларда медициналық көмек:

осы Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес тәулік бойы байқаумен стационарда емдеуге жатқызылуы тиіс аурулардың халықаралық жіктемесінің (бұдан әрі – АХЖ) 10-қайта қарау кодтары бойынша аурулардың тізбесіне;

осы Стандартқа 2-қосымшаға сәйкес тәулік бойы байқаумен стационарда емдеу үшін АХЖ-9 кодтары бойынша операциялар мен манипуляциялар тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады.

9. Стационарлық жағдайларда медициналық көмек пациенттің немесе оның заңды өкілінің хабардар етілген келісімін алғаннан кейін көрсетіледі.

Пациенттің хабардар етілген келісімі "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР-ДСМ-175/2020 бұйрығымен (бұдан әрі – № ҚР-ДСМ -175/2020 бұйрығы) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша стационарлық пациенттің медициналық картасына 3-қосымша параққа сәйкес ресімделеді.

10. Стационарларда дәрілік заттарды ұтымды пайдалану мақсатында "Қазақстан Республикасында клиникалық фармакология бойынша медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 19 сәуірдегі № 75 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32338 болып тіркелген) сәйкес клиникалық фармакология кабинеттері және (немесе) бөлімше ұйымдастырылады.

11. Психикаға белсенді әсер ететін заттарды қолдану белгілері анықталған кезде медициналық картада нәтижелерді медициналық картаға енгізе отырып психикаға белсенді әсер ететін заттың құрамын анықтауға кейіннен биологиялық материалдар алынып, жазба ресімделеді.

12. Медициналық көмек көрсету орны бойынша пациент денсаулығының жай-күйі туралы:

емдеудің ұсынылатын және баламалы әдістерінің ықтимал қаупі мен артықшылықтары туралы деректерді,

емдеуден бас тартудың ықтимал салдарлары туралы мәліметтерді,

пациент үшін түсінікті түрде диагнозы, емдік іс-шаралардың болжамы мен жоспары туралы ақпаратты,

шығарудың және (немесе) басқа денсаулық сақтау ұйымына ауыстырудың себептері туралы түсіндірмелерді қоса алғанда толыққанды ақпарат алады.

13. Дәрігер пациентті ауруханаға түскен күні қарап-тексереді, клиникалық хаттамаларға сәйкес емдеу-диагностикалық іс-шараларды тағайындайды.

14. Клиникалық диагноз бөлімше меңгерушісімен бірге пациент емдеуге жатқызылған сәттен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей белгіленеді. Психикалық, мінез-құлықтық бұзушылықтары (аурулары) бар тұлғалар медициналық-әлеуметтік көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымына емдеуге жатқызылған кезде клиникалық диагноз 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірілмей белгіленеді.

Қосымша диагностикалық зерттеулер мен консультацияларды жүргізу үшін көрсетілімдер болған кезде медициналық картада диагноз қоюдың кешіктірілу себебі көрсетіледі.

Зерттеуді орындаудың ұзақ мерзімдері бар (10 күннен астам) нәтижелерді күтетін пациенттерге клиникалық диагноз зерттеу нәтижелерін алғаннан кейін белгіленеді.

Диагноз қоюда қиындықтар, жүргізілетін емнің тиімсіз болған кезде бөлімше меңгерушісі және (немесе) стационар басшысының медициналық бөлім жөніндегі орынбасары консилиум, оның ішінде "Қашықтықтан медициналық қызметтерді ұйымдастыру, ұсыну және төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 1 ақпандағы № ҚР ДСМ-12 бұйрығына (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-12 бұйрығы) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22151 болып тіркелген) сәйкес қашықтықтан консилиум ұйымдастырады.

Кешкі, түнгі уақытта, демалыс және мереке күндері консилиумды стационар бойынша жауапты кезекші дәрігер ұйымдастырады.

Клиникалық диагноз белгіленген күні медициналық картаға жазба ресімделеді.

15. Стационардағы пациенттерді күн сайын емдеуші дәрігер қарап-тексереді. Қарап-тексеру нәтижелері медициналық картаға енгізіледі. Жазбалар пациенттің жай-күйінің нақты өзгерістері, зерттеп-қарау мен емдеуді түзетудің негіздемесін, алынған нәтижелерді бағалау мен түсіндіруді, жүргізілетін емнің тиімділігін көрсетеді.

Ауыр жай-күйі кезінде пациент әр 3 сағат сайын, көрсетілімдер бойынша жиі қарап-тексеріледі, медициналық картаға жазба қарап-тексеру және кезек күттірмейтін көмек көрсету уақыты сағат пен минут бойынша көрсетіле отырып ресімделеді.

Кешкі және түнгі уақытта, демалыс және мереке күндері қарап-тексеруді кезекші дәрігер жүзеге асырады. Кезекші дәрігердің қарап-тексеру және тағайындау нәтижелері медициналық картада ресімделеді.

Пациенттің жағдайы нашарлаған кезде кезекші дәрігер емдеуді түзетеді, бөлімше меңгерушісін және (немесе) емдеуші дәрігерді хабардар етеді, тағайындауға өзгерістер енгізуді келіседі.

16. Бөлімше меңгерушісі пациентті келіп түскен күні (демалыс және мереке күндерді қоспағанда), кейіннен көрсетілімдер бойынша және шығаре алдында қарап-тексереді. Бөлімше меңгерушісі жұмыс күндері күн сайын ауыр жағдайдағы

пациенттерді қарап-тексеруді жүргізеді. Бөлімше меңгерушісінің ұсынымдарымен қарап-тексеру нәтижелері медициналық картаға енгізіледі.

17. Стационар жағдайында бес жасқа дейінгі балаларды, сондай-ақ дәрігерлердің қорытындысы бойынша қосымша күтімге мұқтаж естияр жастағы науқас балаларды емдеу кезінде анасына (әкесіне) немесе баланы күтіп-бағуды тікелей жүзеге асыратын өзге адамға медициналық ұйымда онымен бірге болу мүмкіндігі беріледі және "Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақ немесе анықтама беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21660 болып тіркелген) сәйкес еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақ немесе анықтама беріледі.

Бір жасқа дейінгі баласын емізетін ана медициналық ұйымда баланы күтіп-бағу үшін болған бүкіл кезеңде тегін тамақпен қамтамасыз етіледі.

18. Стационарлар құрамындағы балалар бөлімшелерінің және (немесе) көпбейінді балалар стационарларының пациенттеріне ойын ойнауға, демалуға жағдай жасалады.

Мектеп жасындағы балалар ұзақ уақыт болған кезде "Мектеп жасындағы балалардың стационар жағдайында мамандандырылған медициналық көмек, медициналық оңалту, сондай-ақ паллиативтік медициналық көмек алу кезеңінде үздіксіз білім беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-296/2020 және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндет атқарушының 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № 533 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21864 болып тіркелген) сәйкес үздіксіз білім алу үшін жағдайлар жасалады.

19. Стационардан шығару өлшемшарттары:

1) емдеудің жалпы қабылданған нәтижелері (сауығу, жақсару, өзгеріссіз, өлім, басқа медициналық ұйымға ауыстыру);

2) пациенттің өміріне немесе айналасындағыларға тікелей қауіп болмаған кезде пациенттің және (немесе) оның заңды өкілінің емдеуден бас тарту туралы жазбаша өтініші болып табылады.

Ауыстыру бейіні бойынша басқа медициналық ұйымда, оның ішінде ғылыми денсаулық сақтау ұйымында емдеуді талап ететін ауру анықталған кезде, ауыстыру орны бойынша денсаулық сақтау ұйымының келісуімен жүзеге асырылады.

Ауыстыру кезінде тасымалдау медицина жұмыскерлерінің алып жүруімен пациент ауыстырылатын ұйымның санитариялық автокөлігімен жүзеге асырылады. Санитариялық автокөлік болмаған кезде тасымалдау "Жедел медициналық көмек көрсету, оның ішінде медициналық авиацияны тарту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы №

ҚР ДСМ-225/2020 бұйрығына (бұдан әрі - № ҚР ДСМ-225/2020 бұйрығы) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21713 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

20. Шығаратын күні пациентке және (немесе) заңды өкіліне жүргізілген зерттеп-қарау, емдеу нәтижелері туралы деректерімен және одан әрі байқау жөніндегі ұсынымдарымен медициналық картадан үзінді көшірме беріледі.

Стационардан шығару туралы деректер шығарылған нақты уақыты көрсетіліп, бір тәулік ішінде медициналық ақпараттық жүйелерге енгізіледі.

2-тарау. Стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру тәртібі

1-параграф. Стационарлық жағдайларда шұғыл нысанда медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру тәртібі

21. Стационарлық жағдайларда шұғыл нысанда медициналық көмек:

- 1) өз бетінше жүгінген кезде;
- 2) пациентті:

жедел медициналық жәрдем станциясының және (немесе) МСАК ұйымының жедел медициналық жәрдем бөлімшесінің бригадалары,

№ ҚР ДСМ-225/2020 бұйрығына сәйкес медициналық авиацияның мобильді бригадасы жеткізген кезде;

пациенттерді азаматтық қорғау саласындағы органдарының, құқық қорғау органдарының қызметкерлері және (немесе) азаматтары жеткізген жағдайларда көрсетіледі.

22. Стационардың қабылдау бөлімшесінде "Қазақстан Республикасында стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың қабылдау бөлімшелерінде шұғыл медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 2 сәуірдегі № ҚР ДСМ - 27 бұйрығына сәйкес (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-27 бұйрығы) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22493 болып тіркелген) шұғыл келіп түскен пациенттерді медициналық сұрыптау жүзеге асырылады.

23. Сұрыптау аяқталғаннан кейін бірінші топтағы пациенттерге (қызыл аймақ) шұғыл медициналық көмек қабылдау бөлімшесінің палатасында және (немесе) қарқынды терапия блогында, операциялық бөлмеде шұғыл операциялық араласуды талап ететін жағдайларда көрсетіледі.

Жай-күйі және (немесе) операциясы тұрақтағаннан кейін пациент денсаулық сақтау ұйымының бейінді бөлімшесіне және (немесе) анестезиология, реаниматология және қарқынды терапия бөлімшесіне ауыстырылады.

24. Екінші топтағы пациенттер (сары аймақ) медицина жұмыскерінің алып жүруімен диагностикалық палатаға жатқызылады. Динамикалық байқау үшін көрсетілімдері бойынша пациент диагностикалық палатада 24 сағатқа дейін болады. Пациенттерге қажетті емдеу-диагностикалық іс-шаралардың толық көлемі ("бір күндік" терапия және хирургия) жүргізіледі.

Диагноз қойылғаннан кейін пациент көрсетілімдері бойынша одан әрі емдеу үшін бейінді бөлімшеге және (немесе) басқа стационарға ауыстырылады. Емдеуге жатқызуға көрсетілімдер болмаған кезде пациентке осы Стандартқа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шұғыл емдеуге жатқызудан бас тарту туралы анықтама (бұдан әрі – бас тарту туралы анықтама) беріледі.

25. Үшінші топтағы пациенттер (жасыл аймақ) жай-күйлері өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төндірмейді және емдеуге жатқызуды талап етпейді олар қабылдау бөлімшесінің қарап-тексеру кабинетіне жіберіледі. Қарап-тексеру кабинетінде диагноз қойылғанға дейін емдеу-диагностикалық іс-шаралардың қажетті көлемі жүргізіледі.

Қабылдау бөлімшесінің дәрігері және (немесе) кезекші дәрігер пациентке емдеуге жатқызудан бас тарту туралы анықтама береді.

26. Қабылдау бөлімшесінің мейіргері емдеуге жатқызылмаған пациенттің бекітілген жері бойынша жүгінген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде телефон және (немесе) электрондық пошта арқылы МСАК ұйымына актив береді. Бекітілмеген жағдайда актив тұрғылықты жері бойынша МСАК ұйымына беріледі.

27. Емдеуге жатқызылмаған пациенттерге көрсетілген медициналық қызметтер, пайдаланылған дәрілік заттар және (немесе) медициналық бұйымдар туралы деректер осы Стандартқа 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепке алу журналға енгізіледі.

28. Медициналық авиацияның мобильді бригадасымен жеткізілген пациенттер стационарды алдын ала хабардар ету бойынша бейінді бөлімшеге емдеуге жатқызылады.

29. Шұғыл емдеуге жатқызу кезінде пациенттерді Порталда тіркеуді емдеуге жатқызу орны бойынша стационардың қабылдау бөлімшесінің мамандары жүзеге асырады. Сондай-ақ Порталда қабылдау бөлімшесіне жүгінген емдеуге жатқызылмаған пациенттер туралы деректер емдеуге жатқызудан бас тартуды есепке алу үшін тіркеледі

2-параграф. Стационарлық жағдайларда жоспарлы нысанда медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру тәртібі

30. ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде стационарлық жағдайларда жоспарлы нысанда медициналық көмек көрсету МСАК ұйымының және (немесе) денсаулық сақтау ұйымының жолдамасы бойынша жүзеге асырылады.

Әскери қызметшілерді, келісімшарт бойынша әскери қызметшілердің отбасы мүшелерін, сондай-ақ әскери қызметте болудың шекті жасына толғаннан кейін әскери қызметтен шығарылған, денсаулық жағдайы бойынша әскери қызмет міндеттерін орындауға байланысты ауырған, сондай-ақ еңбек сіңірген жылдары жиырма және одан да көп жыл болған адамдарды әскери-медициналық мекемелерге емдеуге жатқызу "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери-медициналық (медициналық) қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № 723 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21873 болып тіркелген).

Құқық қорғау органдарының қызметкерлерін, ішкі істер органдарының әскери қызметшілерін, олардың отбасы мүшелері және құқық қорғау органдарының зейнеткерлерін ішкі істер органдарының әскери-медициналық (медициналық) бөліністеріне емдеуге жатқызу "Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының әскери-медициналық (медициналық) бөліністерінде әскери-медициналық (медициналық) қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 16 қарашадағы № 781 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21664 болып тіркелген).

Стационарлық жағдайларда үшінші деңгейдегі медициналық көмекті алу үшін пациенттерге жолдама беру № ҚР ДСМ-238/2020 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

31. Стационар басшылығы халықтың мынадай топтары үшін медициналық көрсетілімдер болған кезде (ғылыми ұйымдар үшін жоспарлы емдеуге жатқызу көлемінің 15%, аудандық, қалалық, облыстық деңгейдегі денсаулық сақтау ұйымдары үшін 10% шегінде) жоспарлы емдеуге жатқызу туралы шешімді дербес қабылдайды:

он сегіз жасқа дейінгі балалар,

жүкті әйелдер,

Ұлы Отан соғысының қатысушылары және оларға теңестірілген адамдар,

мүгедектігі бар адамдар,

көп балалы аналар,

зейнеткерлер.

32. Жоспарлы емдеуге жатқызуды ұйымдастыру үшін Порталға рұқсат "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық көмек көрсету жөніндегі денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-242/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21744 болып тіркелген) сәйкес ТМҚКК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге шарт жасасқан денсаулық сақтау ұйымдарында бар.

МСАК ұйымының және стационардың басшысы Порталмен жұмыс істеуге жауапты маманды тағайындайды.

33. Жоспарлы емдеуге жатқызуға көрсетілімдер болған кезде жіберген медициналық ұйым осы Стандартқа 5-қосымшаға сәйкес клиникалық–диагностикалық (зертханалық, аспаптық және функционалдық, бейінді мамандардың консультацияларын) зерттеулер (бұдан әрі – зерттеулер) жүргізеді.

Тәулік бойы байқаумен стационарда қайталама зерттеулер пациенттің жай-күйін динамикалық бағалау үшін медициналық көрсетілімдер бойынша, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданумен жүргізіледі. Бейнелерді және зерттеу нәтижелерін басқа медициналық ұйымға жіберген кезде зерттеулер нәтижелерін оқу және (немесе) ашып жазу, оның ішінде № ҚР ДСМ-12 бұйрығына сәйкес қашықтағы технологиялар пайдалана отырып жүзеге асырылады.

34. Емдеуге жатқызудың жоспарланған күні пациенттің стационарды еркін таңдау ескеріле отырып:

1) МСАК ұйымының және (немесе) басқа денсаулық сақтау ұйымының жолдамасы бойынша стационар маманы;

2) МСАК ұйымының және (немесе) басқа денсаулық сақтау ұйымының жолдамасы бойынша автоматты түрде;

3) пациенттер өз бетінше жүгінген және басшы пациентті емдеуге жатқызу туралы шешім қабылдаған кезде емдеуге жатқызу орны бойынша стационардың қабылдау бөлімшесінің маманы айқындайды.

35. Стационардың маманы МСАК ұйымының және (немесе) басқа денсаулық сақтау ұйымының жолдамасы бойынша жоспарлы емдеуге жатқызу күнін:

1) аудандық деңгейде стационарлық жағдайда медициналық көмек көрсететін, балаларға медициналық көмек көрсететін;

ағзалар мен тіндерді транспланттауды жүзеге асыратын;

Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен оларға теңестірілген адамдар үшін;

психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін (психикалық денсаулық орталықтары);

фтизиопульмонология саласында көмек көрсететін (фтизиопульмонология орталықтары) денсаулық сақтау ұйымдарына;

көпбейінді ауруханалар жанындағы инфекциялық ауруханалар мен (немесе) инфекциялық бөлімшелеріне;

қалпына келтіру емі және медициналық оңалту ұйымдарына (бөлімшелері);

паллиативтік көмек және мейіргерлік күтім ауруханалары (бөлімшелері);

2) мынадай төсек бейіндері бойынша:

акушерлік;

гинекологиялық – экстракорпоральды ұрықтандыруға, жоспарлы медициналық аборт жасауға, мерзімдері менструалдық циклінің фазаларына байланысты әйел жыныстық ағзаларының ауруларын диагностикалауға және емдеуге жолдама кезінде;

тері-венерологиялық,

онкологиялық;

гематологиялық және онкогематологиялық көпбейінді стационарларға және (немесе) ғылыми ұйымдарға емдеуге жатқызу кезінде айқындайды.

36. Емдеуге жатқызу күні автоматты түрде белгіленген кезде МСАК ұйымының және (немесе) жіберген ұйымның жауапты маманы пациентке тиісті бейін бойынша стационарлар туралы ақпарат береді.

37. Пациент стационарды таңдағаннан кейін МСАК ұйымының және (немесе) жіберген ұйымның жауапты маманы осы Стандартқа 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Порталда орналасқан күту парағында жоспарлы емдеуге жатқызуға жолдаманы тіркейді және күн сайын күту парағының мониторингін жүзеге асырады.

Жоспарлы емдеуге жатқызудың күні белгіленгеннен кейін МСАК ұйымының және (немесе) жолдама берген ұйымның жауапты маманы:

пациентті таңдалған стационарға емдеуге жатқызу күні туралы ауызша немесе электрондық хабарлау (push немесе sms-хабарлама) арқылы хабардар етеді;

осы Стандартқа 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пациентке жоспарлы емдеуге жатқызу талонын береді;

жоспарлы емдеуге жатқызудың белгіленген күнінде міндетті түрде келу қажеттігі туралы ескертеді.

38. Пациент Порталда автоматты түрде белгіленген емдеуге жатқызудың жоспарланған күнінен бас тартқан кезде, МСАК және (немесе) жолдама берген ұйымының жауапты маманы оған емдеуге жатқызудың неғұрлым кеш күнін немесе анағұрлым ерте емдеуге жатқызу қарастырылатын стационарды таңдауды ұсынады.

Жоспарлы емдеуге жатқызудың белгіленген күнінде стационарға келуге мүмкіндігі болмаған жағдайлар туындаған кезде пациент МСАК ұйымына және (немесе) емдеуге жатқызуға жолдама берген денсаулық сақтау ұйымына хабарлайды. Стационар емдеуге жатқызуды күнтізбелік 2 (екі) күннен аспайтын мерзімге ауыстырылады.

Емдеуге жатқызудың түпкілікті күні тәулік бойы байқайтын стационарға түскен күні айқындалады.

39. Стационардың жауапты маманы күн сайын (демалыс және мереке күндерді қоспағанда) осы стационарға емдеуге жатқызуға жолдама берген пациенттердің тізімін қарайды, бейіндер бойынша бос төсектер туралы мәліметтерді қалыптастырады және оларды осы Стандартқа 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Порталда орналастырылған бос төсектерді есепке алу парағына 9 сағат 30 минутқа дейін енгізеді. Жоспарлы емдеуге жатқызуды жоспарлау күні Порталда жоспарлы емдеуге жатқызуға жолдама тіркелген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде айқындалады.

40. Пациентті басқа денсаулық сақтау ұйымына ауыстыру кезінде пациенттің орналасқан жері бойынша стационар маманы жіберуші және қабылдаушы денсаулық сақтау ұйымдарымен келісу рәсімі аяқталғаннан кейін жолдаманы Порталда тіркейді.

41. Емдеуге жатқызуды жоспарлау күнін автоматты түрде айқындау Порталда денсаулық сақтау ұйымына емдеуге жатқызуға жолдаманы тіркеу кезінде:

қаржыландырудың жалпы жоспарланған көлемі;

алдыңғы жылдың деректері негізінде нозология бөлінісіндегі жағдайларды ескере отырып жоспарлы және шұғыл емдеуге жатқызу үшін қаржыландырудың болжамды сомасының үлес салмағының орташа жылдық мәні;

алдыңғы жылдың деректері негізінде емдеуге жатқызу процесіне қатыспайтын бейіндер бойынша нозология бөлінісінде жоспарлы емдеуге жатқызу жағдайлары үшін қаржыландырудың болжамды сомасының үлес салмағының орташа жылдық мәні;

есепті айға арналған жалпы қаржыландыру жоспарына сәйкес оларды ауруханадан шығару есепті кезеңде жоспарланатын барлық жағдайлардың (жоспарлы және шұғыл) болжамды құны;

нозология бөлінісінде пациенттің төсекте болуының орташа ұзақтығының мерзімдері;

бір жұмыс күні ішінде жоспарлы тәртіппен емдеуге жатқызылатын пациенттердің саны туралы мәліметтер;

демалыс, мереке күндері (ауыстырумен), операциялық, ургентті күндер, санитариялық өңдеуге арналған күндер туралы мәліметтер (денсаулық сақтау ұйымының деректері бойынша);

қызметі жоспарлы емдеуге жатқызу процесіне әсер ететін еңбек демалысының, мамандардың біліктілігін арттыру графигі туралы мәліметтер;

пациенттердің дербес жоспарлы емдеуге жатқызылу үлесі туралы мәліметтер ескеріле отырып, әзірленген өлшемшарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

42. Күту парағынан алуды:

1) Порталда жолдама тіркелгеннен кейін пациенттің емдеуге жатқызудан жазбаша бас тартуы негізінде;

Емдеуге жатқызуға дейінгі кезеңде пациенттің қайтыс болу жағдайы тіркелген кезде;

шұғыл көрсетілімдер бойынша емдеуге жатқызу кезінде МСАК ұйымы және (немесе) жіберген ұйым;

2) емдеуге жатқызуға медициналық көрсетілімдер болмаған кезде;

емдеуге жатқызу сәтінде медициналық қарсы көрсетілімдер болған кезде;

емдеуге жатқызудың белгіленген күнінен бастап 2 күнтізбелік күн ішінде пациенттің емдеуге жатқызуға келмеуі;

бейінді емес емдеуге жатқызу кезінде емдеуге жатқызу орны бойынша денсаулық сақтау ұйымы (қабылдау бөлімшесі) жүзеге асырады.

Пациенттердің дербес жоспарлы емдеуге жатқызу күні жүгінген кезде стационардың қабылдау бөлімшесінің маманы Портал бойынша жауапты маманмен келіседі.

43. Жоспарлы емдеуге жатқызуға әсер ететін штаттан тыс жағдайларға:

Порталда жолдама тіркелгеннен кейін пациенттің емдеуге жатқызудан жазбаша бас тартуы;

пациенттің емдеуге жатуға келмеуі;

емдеуге жатқызылғанға дейінгі кезеңде пациенттің өлімінің тіркелуі;

шұғыл емдеуге жатқызылуы;

емдеуге жатқызу рәсіміне байланысты емес: денсаулық сақтау ұйымының қызметін тоқтата тұруы, Портал жұмысындағы техникалық іркілістер жатады.

44. Қызметі тоқтатылған кезде стационар 1 (бір) жұмыс күні ішінде штаттан тыс жағдай туралы жазбаша хабарламаны денсаулық сақтау басқармасына, ӘлМСҚ және цифрлық денсаулық сақтау субъектісіне жібереді.

Цифрлық денсаулық сақтау субъектісі 1 (бір) жұмыс күні ішінде МСАК ұйымдарын және басқа да денсаулық сақтау ұйымдарын хабардар етеді.

Жауапты маман пациентке штаттан тыс жағдайлардың туындауы туралы жеткізеді және басқа стационарды таңдауды және (немесе) оның қызметі қайта басталғаннан кейін бұрын таңдалған стационарды ұсынады.

45. Порталда техникалық іркілістер болған кезде (емдеуге жатқызуға жолдаманың 3 сағаттан артық электрондық тіркелуі) денсаулық сақтау ұйымы жоспарлы емдеуге жатқызуға жолдама беру процесінің үздіксіздігін мынадай бірізділікпен қамтамасыз етеді:

1) МСАК ұйымы немесе денсаулық сақтау ұйымы стационармен келісілген күнге жоспарлы емдеуге жатқызуға жолдаманы қағаз жеткізгіште ресімдейді;

2) денсаулық сақтау ұйымы қағаз жеткізгіште емдеуге жатқызу күніне сәйкес пациентті емдеуге жатқызуды қамтамасыз етеді;

3) МСАК ұйымы немесе басқа да денсаулық сақтау ұйымы медициналық ақпараттық жүйенің жұмысы қайта басталғаннан кейін медициналық ақпараттық жүйені ажырату кезеңінде емдеуге жатқызылған және (немесе) емдеуге жатқызуға жоспарланған пациенттердің жолдамаларын қағаз жеткізгіштердің деректері негізінде порталда тіркеуді қамтамасыз етеді;

4) цифрлық денсаулық сақтау субъектісі:

3 (үш) сағаттан астам мерзім бойы Порталда емдеуге жатқызу жолдамасын электрондық тіркеудің жұмыс істемеу фактісі туралы хаттаманы ресімдейді;

МСАК ұйымдарынан немесе медициналық ұйымнан қағаз жеткізгіштердегі жоспарлы емдеуге жатқызу жолдамасын беру фактілері бойынша ақпарат сұратады;

Порталда қағаз жеткізгіштердегі деректерге сәйкес жолдамаларды тіркеу процесін үйлестіреді.

46. Емдеуге жатқызуға дейінгі кезеңде пациенттің қайтыс болу себебі бойынша Порталда "күту парағынан" жолдаманы алу кезінде ақпараттандыру субъектісіне жауапты маман (алу тіркелген күнінен бастап үш жұмыс күн ішінде) мынадай мәліметтер береді: сот-медициналық сараптамаға жататын жағдайларды қоспағанда, амбулаториялық картадан көшірме үзінді, № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген № 045/е нысан бойынша қайтыс болу туралы медициналық куәліктің көшірмесі.

47. Стационардың қабылдау бөлімшесінің дәрігері медициналық көрсетілімдері бар өз бетінше жүгінген пациенттерге жүгінген күні:

көпбейінді ауруханалар жанындағы инфекциялық ауруханалар мен инфекциялық бөлімшелерге;

психикалық денсаулық орталықтары және психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына;

тері-венерологиялық бейін бойынша медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары, көпбейінді ауруханалар құрамындағы тері-венерологиялық орталықтарға;

фтизиопульмонология орталықтарына;

онкологиялық, онкогематологиялық бейін бойынша медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары, көпбейінді ауруханалар құрамындағы онкологиялық орталықтарға;

Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен оларға теңестірілген адамдарға арналған госпитальдарға;

қалпына келтіру емі және медициналық оңалту ұйымдарына (бөлімшелеріне);

паллиативтік көмек және мейіргерлік күтім ауруханаларына (бөлімшелеріне);

мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасының медициналық бөлігіне сәйкес емдеудің кезекті кезеңіне (консервативті, операциялық) және қалпына келтіру емі мен медициналық оңалту жөніндегі іс-шараларды жүргізуге деңгейі мен меншік нысандарына қарамастан көпбейінді ауруханалар жоспарлы емдеуге жатқызуды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасында
стационарлық жағдайларда
медициналық көмек көрсетуді
ұйымдастыру стандартына
I-косымша

Тәулік бойы байқаумен стационарда емдеуге жатқызылуы тиіс аурулардың халықаралық жіктелмесінің (бұдан әрі – АХЖ) 10-қайта қарау кодтары бойынша аурулардың тізбесі

№	АХЖ -10 коды	АХЖ-10 атауы
1	A00.0	01 тырысқақ вибрионы тудырған тырысқақ, cholerae биовары (холера)

2	A00.1	01 тырысқақ вибрионы тудырған тырысқақ, eltor биовары (эльтор)
3	A00.9	Анықталмаған тырысқақ
4	A01.0	Іш сүзегі
5	A01.1	Қылау А
6	A01.2	Қылау В
7	A01.3	Қылау С
8	A01.4	Анықталмаған қылау
9	A02.0	Сальмонеллалық энтерит
10	A02.1	Сальмонеллалық септицемия
11	A02.2/A06.6†	Бір орында орналасқан сальмонеллалық жұқпа (M01.3*, G01*, M90.2*, J17.0*, N16.0*)
12	A02.8	Анықталған басқа сальмонеллалық жұқпа
13	A02.9	Анықталмаған сальмонеллалық жұқпа
14	A03.0	Shigella dysenteriae тудырған шигеллез
15	A03.1	Shigella flexneri тудырған шигеллез
16	A03.2	Shigella boydii тудырған шигеллез
17	A03.3	Shigella sonnei тудырған шигеллез
18	A03.8	Басқа шигеллез
19	A03.9	Анықталмаған шигеллез
20	A04.0	Escherichia coli тудырған энтеропатогенді жұқпа
21	A04.1	Escherichia coli тудырған энтероуытты жұқпа
22	A04.2	Escherichia coli тудырған энтероинвазиялық жұқпа
23	A04.3	Escherichia coli тудырған энтерогеморрагиялы жұқпа
24	A04.4	Escherichia coli тудырған ішектің басқа жұқпалары
25	A04.5	Campylobacter тудырған энтерит
26	A04.6	Yersinia enterocolitica тудырған энтерит
27	A04.7	Clostridium difficile тудырған энтероколит
28	A04.8	Ішектің басқа, анықталған, бактериялы жұқпалары
29	A04.9	Ішектің анықталмаған, бактериялы жұқпалары
30	A05.0	Тағамнан стафилококктік улану

31	A05.1	Ботулизм
32	A05.2	Clostridium perfringens [Clostridium welchii] тудырған тағамнан улану
33	A05.3	Vibrio parahaemolyticus тудырған тамақтан улану
34	A05.4	TBacillus cereus тудырған тамақтан улану
35	A05.8	Тағамнан бактериялық анықталған басқа уланулар
36	A05.9	Тағамнан анықталмаған, бактериялық улану
37	A06.0	Амебалық ушыққан дизентерия
38	A06.1	Ішектің созылмалы амебиазы
39	A06.2	Амебалық дизентериялық емес колит
40	A06.3	Ішек амебомасы
41	A06.4	Бауырдың амебалық іріңдігі
42	A06.5	Өкпенің амебалық іріңдігі
43	A06.7	Терінің амебалық аурулары
44	A06.8	Амебалық басқа орында орналасқан жұқпа
45	A06.9	Анықталмаған амебиаз
46	A07.0	Балантидиаз
47	A07.1	Жиардиаз [лямблиоз]
48	A07.2	Криптоспоридиоз
49	A07.3	Изоспороз
50	A07.8	Ішектің протозойлық анықталған басқа аурулары
51	A07.9	Ішектің протозойлық анықталмаған басқа ауруы
52	A08.0	Ауыз вирусының энтериті
53	A08.1	Асқазан-жіңішке ішектің норволк қоздырғышымен тудырылған жіті дерттері
54	A08.2	Аденовирусты энтерит
55	A08.3	Вирусты басқа энтериттер
56	A08.4	Ішектің вирусты анықталмаған жұқпасы
57	A08.5	Ішектің анықталған басқа жұқпалары
58	A09.0	Басқа нақтыланбаған гастроэнтерит және жұқпалы тектес колит
59	A09.9	Гастроэнтерит және анықталмаған тәріздес колит

60	A15.0	Культураның өсуінің болуы немесе болмауы бактериоскопиялық тұрғыдан расталған өкпе туберкулезі
61	A15.1	Тек қана культураның өсуімен расталған өкпе туберкулезі
62	A15.2	Гистологиялық тұрғыдан расталған өкпе туберкулезі
63	A15.3	Анықталмаған әдістермен расталған өкпе туберкулезі
64	A15.4	Бактериологиялық және гистологиялық тұрғыдан расталған кеуде ішілік лимфа түйіндерінің туберкулезі
65	A15.5	Бактериологиялық және гистологиялық тұрғыдан расталған көмей, кеңірдек, бронхылар туберкулезі
66	A15.6	Бактериологиялық және гистологиялық тұрғыдан расталған туберкулезді плеврит
67	A15.7	Бактериологиялық және гистологиялық тұрғыдан расталған, тыныс алу ағзаларының алғашқы туберкулезі
68	A15.8	Бактериологиялық және гистологиялық тұрғыдан расталған, басқа тыныс алу ағзаларының туберкулезі
69	A15.9	Бактериологиялық және гистологиялық тұрғыдан расталған, орналасу орны анықталмаған тыныс алу ағзаларының туберкулезі
70	A16.0	Теріс нәтижелі бактериологиялық және гистологиялық зерттеулер барысындағы өкпе туберкулезі
71	A16.1	Бактериологиялық және гистологиялық зерттеулер өткізілмей танылған өкпе туберкулезі
72	A16.2	Бактериологиялық немесе гистологиялық расталуы ескертілмеген өкпе туберкулезі
73	A16.3	Бактериологиялық немесе гистологиялық расталуы ескертілмеген кеуде ішілік лимфа түйіндерінің туберкулезі
		Бактериологиялық немесе гистологиялық расталуы

74	A16.4	ескертілмеген көмей, кеңірдек және бронхтар туберкулезі
75	A16.5	Бактериологиялық немесе гистологиялық расталуы ескертілмеген туберкулезді плеврит
76	A16.7	Бактериологиялық немесе гистологиялық расталуы ескертілмеген тыныс алу ағзаларының алғашқы туберкулезі
77	A16.8	Бактериологиялық немесе гистологиялық расталуы туралы ескертілмеген басқа тыныс алу ағзаларының туберкулезі
78	A16.9	Бактериологиялық немесе гистологиялық расталуы ескертілмеген, орналасу орны анықталмаған, тыныс алу ағзаларының туберкулезі
79	A17.0†	Туберкулездік менингит (G01*)
80	A17.1†	МИ қабықтардың туберкулемасы (G07*)
81	A17.8†	Нерв жүйесінің басқа орындарда орналасқан туберкулезі (G07*, G05.0*, G63.0*)
82	A17.9†	Нерв жүйесінің анықталмаған туберкулезі (G99.8*)
83	A18.0†	Сүйектер мен буындар туберкулезі (M01.1*, M49.0*, H75.0*, M90.0*, M68.0*)
84	A18.1†	Несеп-жыныс ағзаларының туберкулезі (N33.0*, N74.0*, N29.1*, N51.0*, N51.1*, N51.8*, N74.1*)
85	A18.2	Туберкулездік шет лимфаденопатия
86	A18.3	Ішек, ішперде және шажырқай лимфа түйіндерінің туберкулезі (K93.0*, K67.3*)
87	A18.4	Тері қабаты мен тері асты шелмайының туберкулезі (H03.1*)
88	A18.5†	Көз туберкулезі (H32.0*, H19.0*, H19.2*, H22.0*)
89	A18.6†	Құлақ туберкулезі
90	A18.7†	Бүйрекүсті безінің туберкулезі (E35.1*)
91	A18.8†	Басқа, анықталған ағзалардың туберкулезі (I39.0*, I39.1*, I39.2*,

		I39.3*, I39.4*, I39.8*, I41.0*, K23.0*, I32.0*, E35.0*, I68.1*)
92	A19.0	Анықталған, бір орында орналасқан миллиарлы туберкулез
93	A19.1	Көп орында орналасқан миллиарлы ушыққан туберкулез
94	A19.2	Орны анықталмаған, миллиарлы ушыққан туберкулез
95	A19.8	Миллиарлы туберкулездің басқа пішіндері
96	A19.9	Орналасу орны анықталмаған миллиарлы туберкулез
97	A20.0	Бубондық оба
98	A20.1	Тері асты шелмайы-тері обасы
99	A20.2	Өкпе обасы
100	A20.3	Обалық менингит
101	A20.7	Сепсистік оба
102	A20.8	Обаның басқа түрлері
103	A20.9	Анықталмаған оба
104	A21.0	Ульцерогландулалық туляремия
105	A21.1	Окулогландулалық туляремия
106	A21.2	Өкпе туляремиясы
107	A21.3	Асқазан-ішек туляремиясы
108	A21.7	Жайылған туляремия
109	A21.8	Туляремияның басқа түрлері
110	A21.9	Анықталмаған туляремия
111	A22.0	Күйдіргінің терілік түрі
112	A22.1	Күйдіргінің өкпелік түрі
113	A22.2	Күйдіргінің асқазан-ішектік түрі
114	A22.7	Күйдіргілік септицемия
115	A22.8	Күйдіргінің басқа пішіндері
116	A22.9	Анықталмаған күйдіргі
117	A23.0	<i>Brucella melitensis</i> -пен (бруцелла мелитенсис) тудырылған сарып
118	A23.1	<i>Brucella abortus</i> тудырылған сарып
119	A23.2	<i>Brucella suis</i> тудырылған сарып
120	A23.3	<i>Brucella canis</i> тудырылған сарып
121	A23.8	Сарыптың басқа түрлері
122	A23.9	Анықталмаған сарып
123	A24.0	Маңқа
124	A24.1	Жіті немесе шапшаң мелиоидоз
125	A24.2	Жітілеу және созылмалы мелиоидоз

126	A24.3	Анықталған басқа мелиоидоз
127	A24.4	Анықталмаған мелиоидоз
128	A25.0	Спириллез
129	A25.1	Стрептобациллез
130	A25.9	Егеуқұйрықтардың тістеуінен болған, анықталмаған қызба
131	A26.0	Тері эризипелоиды
132	A26.7	Erysipelothrix тудырған септицемия
133	A26.8	Эризипелоидтың басқа түрлері
134	A26.9	Анықталмаған эризипелдоид
135	A27.0	Сарғаюлы-геморрагиялы лептоспироз
136	A27.8	Лептоспироздың басқа түрлері
137	A27.9	Анықталмаған лептоспироз
138	A28.0	Пастереллез
139	A28.1	Мысық тұқымдастардың тырнауынан болған қызбалар
140	A28.2	Экстраинтестинальдік иерсиниоз
141	A28.8	Басқа айдарларда жіктелмеген, бактериялық анықталған басқа зооноздар
142	A28.9	Бактериялық анықталмаған зооноздар
143	A30.0	Нақтыланбаған алапес
144	A30.1	Туберкулоидтық алапес
145	A30.2	Туберкулоидтық шекаралық алапес
146	A30.3	Шекаралық алапес
147	A30.4	Лепрамотоздық шекаралық алапес
148	A30.5	Лепрамотоздық алапес
149	A30.8	Алапестің басқа түрлері
150	A30.9	Анықталмаған алапес
151	A31.0	Mycobacterium-мен (микобактериум) тудырылған өкпе жұқпасы
152	A31.1	Mycobacterium-мен тудырылған тері жұқпасы
153	A31.8	Mycobacterium-мен (микобактериум) тудырылған басқа жұқпалар
154	A31.9	Mycobacterium тудырылған анықталмаған жұқпа
155	A32.0	Тері листериозы

156	A32.1†	Листериялық менингит және менингоэнцефалит (G01*, G05.0*)
157	A32.7	Листериялық септицемия
158	A32.8	Листериялық басқа пішіндері (I68.1*, I39.8*)
